

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12 - 15.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбындағы салтанатты іс-шараға байланысты тақпақ беру, іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, топтық бөлмедегі	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп

басқалар)	жауапкершілік сезімін дамыту, балаларға ҰІӨ арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты жинауды үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	орындықтарды таза ұстауды үйрету; оларды дымқыл шүберекпен сүртуді; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау дағдыларын қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көруді және ретке келтіруді; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
	ҚР Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.	"Домино». Мақсат-міндеттері. Зейінділікті, логикалық ойлауды, жағдайды талдау қабілетін,	Лото. "Өсімдіктер, жануарлар». Мақсат-міндеттері. Ойын планетамыздың	"Зоологиялық лото». Мақсат-міндеттері. Жануарлардың атауын, жануарлардың	"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны. Барысы. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген

	(музыка) Магниттік мозаика. "Кірпі." Мақсат-міндеттері. Мозаика - әртүрлі пішіндер мен түстерден тұратын элементтердің жиынтығы, олар бір-бірімен үйлеседі және кез келген кескінді жасауға мүмкіндік береді. Ойынның шартын қолдана отырып, балалар өздерінің жұмыстарын жасай алады. Ұсынылған магниттік тақта жиынтығында - 5 түс, 220 элемент бар. (танымдық іс-әрекеті)	тапқырлықты, қолдың ұсақ моторикасындамытады; балалардың заттардың мөлшері, пішіні, түсі туралы түсініктерін бекітеді; байқау мен зейінді дамытады, салыстыру және жалпылау операцияларын дамытады, заттар мен құбылыстар арасындағы елеулі байланыстарды бөліп көрсете білуді қалыптастырады; балалардың қоршаған әлем объектілері туралы түсініктерін кеңейтеді; баланың сөздігін байытады және белсендіреді, байланыстыра сөйлеуді дамытады.	жануарлары мен өсімдіктер әлемімен таныстырады, заттардың жалпы ерекшелігін бөліп көрсетуге және оны атрибут бойынша топтауды үйретеді. Лото көптеген әртүрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқау, зейін, есте сақтау қабілеті дамиды, қолдың ұсақ моторикасы жетілдіріледі. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	сыртқы түрінің ерекшеліктерін бекіту. Зейінді, байқағыштықты, реакция жылдамдығын дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шайнек, ұшақ, қалам, мәшине, ат, әтеш және тағы басқа). Педагог: - Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. - Бауыржан, алдындағы суреттерге мұқият қара. Мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал. Оны бөлек жерге қой. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен
--	---	--	--	---	--

		(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)			байланыстыратын суретті алып, есіне сақтауы қажет. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығу 1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу. 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде. 1 - оңға еңкею, сол қолын басына қою. 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1-2 отыру, қолдарын алға созу. 3-4 бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: жерде отыру, қолдарын артқа түзу тіреу. 1 - аяқтарын түзу ұстау, жоғары көтеру "бұрыш" жасау (иықтарын қисайтпау). 2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, қолды белге қою. 1 - денені оңға бұру, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу. 2 - бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: арқамен жату, қолдарын бастарына қою. 1- оң аяғын түзу көтеру, саусақтарын башпайларға тигізу; 2 - бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).				

	7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1-тен 4-ке дейін санау, оң жаққа секіру; 5-тен 8-ге дейін санау, сол жаққа секіру; 9-дан 12-ге дейін санау; екі аяқпен секіру, кідіріс жасау, жаттығуды 2-3 рет қайталау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедуралары. Көркемсөз Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарқанға отырып, Жеңімізді түреміз. Ас атасы - ақ нанды, Қадірлейміз, шашпаймыз. Тамақтану кезінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгіні де дұрыстап, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстаймын, қараңыз. Тамақтану тәртібін, Жақсы білетін баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Отан, туған ел туралы мақал-мәтел жаттау. (қарым-қатынас іс-	«Менің елімнің Президенті» тақырыбында суреттерді	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-	"Тәуелсіз елім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру.	Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде,

	әрекеті)	қарастыру, әңгімелесу. (қарым-қатынас іс- әрекеті)	әрекеті)	(қарым-қатынас іс- әрекеті)	мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! (қарым-қатынас іс- әрекеті)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[ұ] дыбысы және Ұұ әрпі қайталау". Мақсат-міндеттер: [ұ] дыбысы және әрпімен таныстыру. Жеке сөздерді оқуға және тез оқуға дағдыландыру. [ұ] дыбысы кездесетін сөз, сөйлем ойлатып, оларға дыбыстық	Сауат ашу негіздері "[і] дыбысы және І і әрпі". Мақсат-міндеттері: [і] дыбысы және І әріп таңбасын таныстыру. Математика негіздері "Жаңа жыл қарсаңында."	Математика негіздері "Жаңа жыл қарсаңында" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балалардың бірден сегізге дейінгі сандар және олардың құрамы туралы геометриялық пішіндер жайлы	Математика негіздері "Сыйлықтарды қалай үлестіреді?" Мақсат-міндеттері. Балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі білімдерін пысықтау; салмағы мен өлшемі қарама-	Сауат ашу негіздері "[к] дыбысы және К к әрпі". Мақсат-міндеттері: [к] дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Құрастыру "Қоянға көмектесеміз".

талдау жасатуға үйрету. Қазақ тілі Киім түрлері. Жаңа жылға дайындық. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін кеңейту; маусымдық киімдер туралы білімдерін дамыту; ұл мен қыз балаға арналған киімдердің атауларын ажыратуды үйрету; әйгілі ертегілердің мазмұны мен кейіпкерлері туралы білімдерін бекіту; геометриялық денелер мен қоршаған әлем туралы білімдерін тереңдету; адам өмірінің табиғатпен	Мақсат-міндеттері. Балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы; геометриялық пішіндер жайлы түсініктерін тиянақтау. Музыка "Жаңа жыл келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға әнді көтеріңкі көңіл күйде эмоционалды орындауды, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуені мен ырғағына сай орындау қабілеттерін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "Қазақстан жалауы". Мақсат-міндеттері.	түсініктерін тиянақтауды пысықтау. Қазақ тілі Ф-В дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-ф], [-в] дыбыстары және Ф ф, В в әріптерімен таныстыру; Ф ф, В в әріптерін ауада жазып көрсету; Ф ф, В в дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естуді, ажыратуды үйрету; буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-ф],	қарсы заттардың көрсеткіштері тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға жаттықтыру. Сөйлеуді дамыту "Қазақстан жалауы" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасы туралы мәліметті аша отырып, "Қазақстан жалауы" атты өлеңін оқып беру, сұрақ-жауап ұйымдастыру; балаларды тез ойлап, тез жауап беруге тәрбиелеуді пысықтау. Музыка "Аяз ата". Мақсат-міндеттері. Балалардың Аяз ата туралы әнге	Мақсат-міндеттері. Балаларды үй кескіні бойынша қағаздан үй құрастыруды үйрету. Дене шынықтыру "Биікке секіріп шығу". Мақсат-міндеттері. Балаларды алға қарай жылжып, допты екі қолмен лақтыруды және қайта қағып алуды (арақашықтығы 4–5 м); 20 см дейінгі биіктіктікке секіру; сап түзеуден кейін үш қатармен қайта тұруды; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыру. Көркем әдебиет "Қ. Толыбаев «Кімнің тоны жылы?» (мазмұны
--	--	--	--	--

байланысы туралы көзқарастарын қалыптастыру; достыққа, ұйымшылдыққа, әлемге оң көзқарасқа, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Арқаннан тез қарғу." Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардан аттап, аяқтың ұшымен жүруді; оң және сол аяғын кезектестіріп секіруді; кедергілердің арасынан қолды еденге тигізбей доға астынан еңбектеуді үйрету. Қоршаған ортамен танысу	Балаларға Қазақстан Республикасы туралы мәліметті аша отырып, "Қазақстан жалауы" атты өлеңін оқып беру, сұрақ жауап ұйымдастыру; балаларды жылдам ойлануға және жауап беруге тәрбиелеу.	[-в] дыбыстары сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-ф], [-в] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру; қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; тақырып бойынша ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Бағытты өзгертіп жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларды қолды	қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуді үйрету. Қоршаған ортамен танысу "Менің Отаным - Қазақстан. Еліміздің рәміздері." Мақсат-міндеттері. Туған өлке туралы мәлімет беру, отбасында туған жерге сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.	бойынша әңгімелеу)" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілі туралы білімдерін жетілдіру. Жазушы Қ. Толыбаевтың өмірі және шығармашылығымен таныстыру. Оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеуді, диалог сөздерін мәнеріне келтіре айтуды үйретуді пысықтау.
--	--	---	--	---

	"Қазақстанның негізгі байлықтары". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы Отан қорғаушылар және Жеңіс күні туралы түсініктерін тиянақтау; Қазақстанның негізгі байлықтары жөнінде мағлұматтарды жаттығулар, санамақ жаттау, суреттер галереясына қатысу, зияткерлік картасын толтыру арқылы игерту; Қазақстанның байлықтарының елге пайда әкелуін қамтамасыз ететін түрлі мамандықтар туралы білім беру; отансүйгіштікке, отандастарына, мамандық иелеріне құрмет сезімдерін		еденге, құрсаудың шетіне тигізбей оң және сол жақ бүйірімен топталып, құрсаудың ішінен өтуді; допты екі қолымен заттардың арасымен жүргізуді (арақашықтығы 4 м) үйрету. Көркем әдебиет "Қ. Толыбаев «Кімнің тоны жылы?» (мазмұны бойынша әңгімелеу)" Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілі туралы білімдерін жетілдіру. Жазушы Қ. Толыбаевтың өмірі және шығармашылығымен таныстыру. Оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеуді, диалог сөздерін мәнеріне		
--	--	--	--	--	--

	тәрбиелеу.		келтіре айтуды үйрету.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)				
Серуенге дайындық	Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. 1-ден 5- ке дейін саналып, қатарға тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, математика негіздері)				
Серуен	Торғай мен көкшымшықты салыстырмалы бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Торғаймен көкшымшықты салыстыру, олардың дене мүшелерінің ерекшеліктері, тіршілік етуімен таныстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жас	Жыраларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ландшафт туралы білімдерін бекіту; табиғатты сүюге және құрметтеуге тәрбиелеу. Зерттеу: күрекпен күреу. - Неге біз топырақты күрей алмаймыз? (Аязда топырақ қатып қалған.) Ересек адамдармен бірге орындалатын	Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы білімдерін бекіту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту. Қызмет: ағаштың қанша жаста екенін анықтау (балаларға ағаш діңінің жіңішке қиылған тақтайшасын беріп,	Сұр және қара қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сұр және қара қарғаларды салыстыруды үйрету; айрықша белгілерді табу (сыртқы түрі, дауысы, әдеттері). Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы қардан тазарту. Мақсат-міндеттері.	Қоғамдық көлікті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көліктер туралы білімдерін бекіту, жол ережелерін білу; технологияға және ересектердің жұмысына қызығушылықты қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:

	ағаштардың тамырларын қармен қымтап жабу. Мақсат-міндеттері. Қоршаған ортаны қорғауға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен көкек". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ептілікті, жылдамдықты дамыту; ойын мазмұнына сәйкес қимылдар жасау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Орнынан ұзындыққа секіру жаттығуларын орындау дағдыларын	қарапайым еңбек тапсырмалары: кіші топтар аймағында жолдарды сыпыру. Мақсат-міндеттері. Еңбектенуге құштарлықты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Үйшіксіз қоян". Мақсат-міндеттері. Ойын ережелерін сақтай отырып, педагогтің белгісі бойынша әрекет етуді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Балабақша ауласында кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін	ағаштың қанша жаста екенін жүзіктеріне қарап санауларын сұрайды). Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың түбіне қар күреу. Мақсат-міндеттері. Қамқор болуға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Туған өлкеде не өседі?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Ағаштардың атауларын еске сақтау; сөздік қорларын	Топта жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Бір, екі, үш.. Қаш!" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын, ептілікті, зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: шаңғы тебу дағдыларын нығайту. Мақсат-міндеттері. Күш-жігер мен төзімділікті дамыту.	құмсалғыштан құмды қазып алу. Мақсат-міндеттері. Тапсырмаларды орындау кезінде жұмысқа оң көзқарасқа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Түрлі түсті көліктер". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекет етуді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. 20 см биіктіктен секіру дағдыларын бекіту.
--	--	---	---	--	--

	жетілдіру.	бекіту.	қалыптастыру; табиғатты сүйеге тәрбиелеу.		
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру қабілеттерін жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Үстелді жабдықтау, тамақтану және гигиеналық процедуралар. Көркемсөз Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарқанға отырып, Жеңімізді түреміз. Ас атасы - ақ нанды, Қадірлейміз, шашпаймыз. Тамақтану кезінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгіні де дұрыстап, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстаймын, қараңыз. Тамақтану тәртібін, Жақсы білетін баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				

Түскі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Тазша бала» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Бұдыл мерген» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Бай мен тәуіп» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Азат» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Шаңғы жаттығуы (екі аяқтың тізесін бүгу, кезекпен созу және қайта бүгу, табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Үстелді жабдықтау, тамақтану және гигиеналық процедуралар. Көркемсөз Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарқанға отырып, Жеңімізді түреміз. Ас атасы - ақ нанды,				

	Қадірлейміз, шашпаймыз. Тамақтану кезінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгіні де дұрыстап, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстаймын, қараңыз. Тамақтану тәртібін, Жақсы білетін баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін,	Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?" (Сын есімдерді қолдану) Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі жан-жануардың	Вариативті компонент - Ағылшын тілінен ойын-жаттығулар. "Animals. Letter L I" Мақсат-міндеттері. Жаңа лексикалық бірліктерді беру,	Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың әр жыл мезгіліне тән құбылыстар туралы

басқалар)	ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: суреттер жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, бір қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруге ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда, не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	(адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тындатып, сипаттама дұрыс немесе бұрыс болғанын анықтатқызу, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Алма текше емес, шар сияқты", "қар ыстық емес, суық", "туған күнде көңіл күй мұңлы емес, мерекелі болады", "ағаштың	жаңа L l әрпімен таныстыру. <i>Didactical game "Big or small animals"</i>. Дамытушы ойын. "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт". Мақсат-міндеттері. Балалардың геометриялық пішіндерді ажырату, санау қабілеттерін, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері. Шарты. Балалар түрлі геометриялық	Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауыстап жариялайды.	білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларға жауаптарын бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік
-------------------------	---	---	--	---	---

	Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдардың нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа	діңгегі өскенде жіңішке емес, жуан болады" және тағы басқа. Педагог тапсырмаларды жануарларға немесе құбылыстарға ғана байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Сюжеттік-рөлдік ойын. "Табиғи қорық". Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсінік беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері	пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрылысы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа	Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеу жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңарып болып отырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік	ойын. "Киім тігу шеберханасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маман, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.
--	---	--	---	---	--

заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог алдымен балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-	жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог бірге дайындық	тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк мәшинелері, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік және тағы басқалар). Шарты. Педагог құрылысқа қатысатын мамандар туралы балалармен алдын ала әңгімелесіп алады. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын	ойын. "Автобус". Мақсат-міндеттері. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көліктегі әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, оны ұстануға ынталандыру; қарым-қатынасты сыпайылық негізінде құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; билеттер	Құралдар. Ілмектер, ойыншық тігін мәшинесі, ойыншық қайшы, ойыншық үтік, жіптер, мата үлгілері, бор, сызғыш, қарындаш, сәнді киімдердің суреттері басылған журналдар, киім үлгілерінің сызбалары. Шарты. Педагог балалармен бірге киім тігу шеберханасы туралы суреттерді қарайды, бұнда қызмет ететін мамандардың еңбегі жайында әңгімелеседі; әртүрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, бәрін зерттейді. Балалар дизайнер,
--	---	--	---	--

	әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарастырады, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи	мамандардың рөліне бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірге ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан кейін балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау	жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері. Шарты. Педагог балалар мен жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі күндері әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды. Педагог (бақылаушы)	киім үлгісін пішуші маман, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандарға бөлінеді, қолдарына қажетті жабдықтарды алып, әрқайсы өз орындарына отырады. Қалған балалар тұтынушылар болып, сән журналынан өздеріне киім үлгісін, тігіншімен бірге мата үлгісін тандайды. Алғашында, педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді. Ойын соңында педагог балалармен бірге қорытынды
--	--	---	---	---	---

		қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді. Педагог ойын соңында балалармен бірге қорытынды жасай алады: жабайы табиғаттың заңдылықтарын бұзуға болмайды, адам табиғатқа зиянын тигізбей, оған қамқор болуға тырысу керек.	сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін құрылысшылар ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істейтінін айтады, үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлем жасауды көрсетеді. Жүргізуші, "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу әрекетін көрсетеді (рульді бұрайды). Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Мүмкіндік болса, дыбыстық хабарламаларды өз дауысымен жазып, қолдануға болады. Салоннан шыққан және ішіне кірген	жасай алады: адамның әдемі киімді киіп жүруі үшін көптеген мамандар еңбек етеді, еңбекті қадірлеу керек; еңбекте өте төзімді және шебер болу қажет. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
--	--	---	--	--	---

		(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)		балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұнда егде жастағы адамдарға орын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсендіру үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобуспен жол жүру кезінде көп ережелер болады, олардың толық орындалуын қадағалау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	
--	--	---	--	---	--

Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығу. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар айтқызу. Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал жинайды ара, Мір-мір-мір- қап-қара көмір. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Суреттер құрастыру». Мақсат-міндеттері. Балаларға шағын суреттерден мазмұнды үлкен суретті құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	Қызықты логикалық есептер шығару. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойлау жаттығуларына машықтандыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай! "Маймыл". Кәмпитті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па? (қарым-қатынас іс-әрекет)	Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. Әдібай Табылдиев "Шырша". Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді төрледі. Сылдырайды моншағы, Шыршамыздың мол шамы. Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады. Арайланды шыршамыз, Айналамыз баршамыз! (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес				

	әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында "Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама.	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбындағы салтанатты іс-шараға байланысты тақпақ беру, іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.	«Отбасындағы адамгершілік-патриоттық тәрбие».	Жадынама. "Қысқы серуенді баламен бірге қызықты және пайдалы өткізу".	Кеңес беру. "Қыс мезгілінде баланың иммунитетін көтеру жолдары".